

**"2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі №97 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 267 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 желтоқсанда № 7008 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 97 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6785 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 18 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы кестенің 6, 21 қатарлары мынадай редакцияда жазылсын:

6	Ақжарма ауылы	"Ақжарма ауылдық округі әкімі аппаратының "Бүлдіршін" бөбекжай балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	50	25250	5170
			70	38760	
21	Тереңөзек кенті	"АЯЛА" жеке балабақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	25250	5000

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Сырдария ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Рустемов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК